

## Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 168 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексімен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 03.07.2014 № 226-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін, бұған осы Заңмен күшіне енгізудің өзге мерзімдері белгіленген ережелері қосылмайды.

**2-бап.** 1959 жылғы 22 шілдедегі "Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексін бекіту туралы" Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің, сондай-ақ 1959 жылғы 22 шілдеден 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген барлық заңдардың 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес келтірілуге тиіс.

Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес келтірілгенге дейін аталған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданыла береді.

**3-бап.** 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін шығарылған сот үкімдері мен қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шараларды қолдану туралы өзге де сот актілері, егер заң әрекеттің қылмыстылығын жоятын, қылмыс жасаған адамның жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын жағдайда, оларды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қылмыстық заңының кері күші белгіленетін 5-бабына сәйкес келтіру мақсатымен қайта қаралсын. Бұрын шығарылған сот үкімдерін және басқа да сот актілерін қайта қарауды үкімді шығарған соттың немесе сотталған адам жазасын өтеп жатқан жерде орналасқан соттың судьясы жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыс деп танылмайтын әрекеттер жөнінде қозғалған барлық қылмыстық істер тоқтатылуға тиіс.

**4-бап.** Осы Кодекстің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау туралы ережелері 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап, бас бостандығын шектеу түріндегі жазалау туралы ережелері 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап, өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы ережелері - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап, қамау түріндегі жазалау туралы ережелері - 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

**Ескерту.** 4-бап өзгерту енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.10.30 N 349, 2003.12.31 N 514, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз ) Заңдарымен.

**5-бап.** Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 21-бабының бірінші бөлігінің 6) тармақшасы бойынша қызметтен босату, 21-бабының бірінші бөлігінің 8) тармақшасы бойынша жұрт алдында кінәсін бетіне басы, 21-бабының бірінші бөліктің 9) тармақшасы бойынша келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу түріндегі жазаға сотталған адамдар жазасын өтеуден босатылып, соттылығы алынып тасталады.

**6-бап.** Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 25-бабы бойынша бас бостандығынан айырмай сотталған адамның жұмыс істейтін жерінен басқа түрде жазасын өтеу арқылы еңбекпен түзеу жұмыстары түрінде жазаға сотталған адамдарға белгіленген жаза мемлекет кірісіне ұстап қалуға жататын сома мөлшеріндегі айыппұлмен ауыстырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі күшіне енгізілген сәтке төленген сомалар есепке алынуға тиіс. Бұл жағдайда кесілген айыппұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабында көзделген айыппұлдың ең жоғары мөлшерінен аспауға тиіс.

**7-бап.** Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 23-1-бабы бойынша аса қауіпті рецидивистер деп танылған адамдар жазасын ерекше режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында бас бостандығынан айыру түрінде өтейді.

**8-бап.** Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 175-бабына Ескертудің 4-тармағында бекітілген ереже "Қазақ КСР-інің Қылмыстық Кодексінің бекіту туралы" 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 63 (бандитизм), 76 (ұрлық), 76-1 (тонау), 76-2 (шабуыл жасап тонау), 76-3 (алаяқтық), 76-4 (бөтен біреудің мүлкін меншіктену немесе жұмсап қою жолымен немесе қызмет бабын пайдаланып, қиянат жасау жолымен талан-таражға салу), 76-7 (қорқытып алу), 203-бабында (атылатын қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау), 205-2 (радиоактивті материалдарды ұрлау), 213-1 (есірткі заттарды ұрлау) баптарында көзделген қылмыстардың қайсыбіреуін бұрын жасаған адамдарға қолданылады.

**9-бап.** Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 251-бабында бекітілген ережелер жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз

атыс қаруын, газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаты бар адамдарға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Ескерту. Заң 9-баппен толықтырылды - ҚР 23.04.2014 N 200-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК